


Б.Ш. Құралқанова


*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар,
Қазақстан Республикасы*

 <https://orcid.org/0009-0000-8558-1315>

e-mail: bota0975@mail.ru

Э.Ж. Мажинова

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар,
Қазақстан Республикасы*

 <https://orcid.org/0009-0002-4082-8198>

e-mail: elmira_mzh@mail.ru

КӨРКЕМ МӘТІННІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада көркем мәтін проблемасы қаралады, «мәтін» ұғымына ғалымдардың теориялық көзқарастары баяндалады. Түрлі дереккөздердегі мәтін анықтамалары талданады. Сондай-ақ, қазіргі заманғы мәтін теориясында көркем мәтін типологиясы қарастырылады. Көркем және ғылыми әдебиеттегі мәтіннің сараланған сипаттамалары белгіленген. Егер көркем мәтін ассоциативті-бейнелі ойлауға негізделсе, онда ғылыми-фантастикалық мәтін логикалық ойлауға негізделеді. Мәтіннің сыртқы және ішкі нысандары түсініктері егжей-тегжейлі анықталады. Сонымен қатар, мәтін прагматикалық тұрғыдан, яғни адресат-алушы тұрғысынан қаралады. Белгілі ресейлік әдебиеттанушы ғалымдардың «мәтін» ұғымын түсіндірудің логикалық, стилистикалық және прагматикалық тәсілдері сипатталған. Олар ұсынған көркем мәтіннің негізгі стилистикалық және функционалдық ерекшеліктері ерекшеленеді. Мәтін ұғымы «ақпарат» терминімен және оның түрлерімен байланыстырылады.

Түйінді сөздер: көркем мәтін, оқу мәдениеті, мәтін теориясы, мәтін типологиясы, ақпарат.

Мүдделер қақтығысы:

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Мақаланың тарихы:

Келіп түскен күні: 22.07.2023

Жариялауға қабылданған күні: 12.09.2023

Кіріспе

Кез келген мәтін тілдік таңбалардың жүйесі ретінде қабылданады. Көркем мәтінді әр түрлі тұрғыдан зерттеуге болады, өйткені мәтіннің барлық негізгі белгілері жоғары коммуникативті бірлік ретінде сипатталады. Көркем мәтін – филологияның зерттеу объектісі. Оның ерекшелігі – семантикалық ғана емес, сонымен қатар көркем немесе эстетикалық ақпаратының болуы. Мәтіндегі көркем ақпараттың тасымалдаушылары оның кез келген элементтері болуы мүмкін. Көркем мәтін мазмұны жазылу ортасына, дәуірі мен уақытына, ұлттық-мәдени және түрлі діни, философиялық түсініктерге, шығарма авторының психологиясына, белгілі бір әдеби мектепке, бағытқа тәуелді болады. Мәтіннің денотаттық,

референттік, ситуативтік қасиет-сапалары осыларға байланысты қалыптасады. Кез келген көркем мәтін шынайы өмірдің эстетикалық бейнесі секілді болады.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында М.К. Ахметованың «Мәтін лингвистикасы» (2008), И.Р. Гальпериннің «Текст как объект лингвистического исследования» (1981), Б.Ш. Құралқанованың «Қазақ повесінің көркемдік табиғаты» (2019) және тағы да басқа ғалымдардың ой-тұжырымдары басшылыққа алынды. Мақалада әдебиеттерді жинақтау және талдау әдістері пайдаланылды.

Мақалада терминдердің дефинициялық талдауы пайдаланылады, әртүрлі ғалымдардың мәтінді түсіндіруіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік беретін әртүрлі дереккөздердегі дефинициялардың салыстырмалы талдауы жүргізіледі.

Нәтижелер және талқылау

Ғылымда мәтінге берілген анықтамалар әртүрлі. Бұл, негізінен, мәтіннің күрделі тілдік құбылыс екенімен және әр зерттеушінің өзіндік ұстанымымен түсіндіріледі. «Мәтін (лат. textum – қосылу, бірігу) орыс. текст – тілдік таңбалардың мағыналық және тұлғалық байланысы негізінде түзілген жүйелі тізбесі. Мәтіннің құрылу шарттары: сыртқы тұлғалық байланыстарға, белгілі бір ішкі мазмұнға ие болуы, аяқталғандығы, қарым-қатынас жасауды іске асыру мүмкіндігіне ие болуы т.б. Мәтін – жазудың шығуымен байланысты қалыптасып, әрі қарай дамып отырған тілдік құрылым» (Қалиев, 2005, 208 б.). Лингвистикалық сөздіктерде мәтінге келесі анықтамалар беріледі: «Мәтін – латынша байланысу, қосылу, тұтасып кету. Басты қасиеті тұтасым және байласым болып саналатын мағыналық байланыстармен біріккен таңба бірліктерінің тізбегі» (Ярцева, 1998, 507 б.). «Мәтін – жүйеленген, тұтасқан, тиянақталған және мағыналық жақтан өзара байланысқан сөйлемдердің тізбегі. Ауызша немесе жазбаша сөйлеу туындылары» (Сулейменова, 1998, 374 б.). Осы пікірлер арқылы мәтіннің өзіндік құрылымы мен ерекшеліктері сипатталады.

Мәтін *көркем* және *көркем емес* болып екіге бөлінеді. Көркем мәтін ассоциативті-бейнелі ойлауға негізделсе, көркем емес мәтін логикалық ойлауға құрылады. Көркем мәтінде өмірлік материал автордың шығармашылық қуатымен көркемдік әлемге айналады. Көркем мәтін өз кезегінде прозалық және поэзиялық болады.

Зерттеуші Н.С. Валгина: «Для нехудожественного текста важна логико-понятийная, по возможности объективная сущность фактов, явлений, а для художественного – образно-эмоциональная, неизбежно субъективная», – деп жазады (Валгина, 2003, 7 б.). Ғалымның пікірінше, көркем мәтін ассоциативті-бейнелі ойлауға негізделсе, көркем емес мәтін логикалық ойлауға құрылады. Көркем мәтінде өмірлік материал автордың көзімен көркемдік әлемге айналады, сондықтан көркем мәтінде суреттелген өмір құбылыстарының астарлы мағынасы болады.

Осы көркем мәтін – филологияның зерттеу объектісі. Ғалымдар көркем мәтіннің келесі қасиеттерін атап көрсетеді: қабылдауға икемділігі, автор интенциясының көрініс табуы, аяқталғандық, басқа мәтіндермен байланысы, эмотивтік қасиеті және т.б. Бұл орайда Н.А. Николина көркем мәтіннің қасиет-белгілерін төмендегідей ажыратады:

– біріншіден, көркем мәтінде автордың көркемдік әлемі жасалады, яғни өмір шындығы авторлық интенцияларға орай көркемдік шындыққа айналады. Көркем мәтіннің мұндай қасиеті «фикционалдык» (ойдан жасалған, жалған) терминімен аталады. Аталмыш термин мәтіннің ішкі әлемінің шарттылығын, қиядан туғандығын білдіреді. Фикционалдык көркем әлемнің әртүрлі қабаттарын, уақыт пен кеңістікті, баяндау құрылымын қамтиды. Әрине, шығарманың жанрлық түріне байланысты (ғұмырнамалық, тарихи, деректі, фантастикалық және т.б.) өмір шындығы мен көркемдік шындықтың ара қатысы әртүрлі дәрежеде көрінеді. Көркем мәтіннің басты қызметі – оқырманға эстетикалық әсер беру. Бұл қызмет әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады;

– екіншіден, көркем мәтін құрылымы жағынан күрделі жүйе құрап, тұтастығымен ерекшеленеді;

– үшіншіден, көркем мәтіннің барлық элементтері өзара байланысты болып келеді;

– төртіншіден, көркем мәтін басқа мәтіндермен байланысып, оларға сілтеме жасайды немесе оның элементтерін өз бойына тоғыстырады. Бұл мәтінаралық байланыстар оның мағынасына әсер етіп қана қоймайды, негіз де бола алады. Мәтінаралық (интермәтінділік) байланыстар шығарманың астарлы мағынасын ашып, көпүнділігін айқындайды;

– бесіншіден, көркем мәтін нақты және жасырын ақпарат береді. Осы тұста көркем мәтіндегі ақпарат түрлеріне кеңірек тоқтала кетейік (Николина, 2007, 152 б.).

«Ақпарат» термині әлеуметтік-тұрмыстық және терминологиялық мағынада қолданылады. Бірінші мағынадағы ақпарат дегеніміз – бұл хабарлама, яғни хабарлау мақсатын көздейді. «Ақпарат» терминінің екінші мағынада қолданылу ерекшелігін И.Р. Гальперин былайша түсіндіреді: «Второе значение термина «информация» употребляется в работах по теории коммуникации, но предполагает использование этого термина лишь при получении новых сведений о предметах, явлениях, отношениях, событиях объективной действительности. Таким образом, научно-терминологическое значение «информация» снимает некоторую неопределенность в уже воспринятых и частично познанных предметах и явлениях» (Гальперин, 1981, 26 б.). Зерттеуші әртүрлі мәтіндердегі ақпарат түрлерін қарастыра келе, оның үш типін атап көрсетеді: мазмұнды-деректік (МДА), мазмұндық-концептуалды (МКА) және мазмұндық-астарлы (МАО). МДА – дегеніміз шынайы немесе ойдан жасалған көркемдік әлемде орын алған немесе болатын фактілер, оқиғалар туралы хабар беру. МДА эксплицитті, яғни вербалды болып келеді. Мұндай ақпаратты оқырман МДА құралдары арқылы бейнеленген құбылыстардың мән-мағынасы, өзара байланыстары, себеп-салдары және т.б. туралы автордың жеке көзқарасынан хабар береді. Мұндай ақпарат шығарманың өн бойынан алынып, автордың ой ниетімен, қиялымен жасалған көркемдік шындықты білдіреді. МКА әрқашан айқын, бір жақты бола бермейді. Сөйтіп МДА – болмыстық сипатта болса, МКА – эстетикалық-көркемдік сипатта болады. МКА – тек көркем мәтінге тән. Сонымен, МДА – шығарманың идеясын түсінуге апаратын ұғым, МКА – автордың ойы, ниеті, ұстанымы. Мазмұндық-астарлы ақпарат дегеніміз – мазмұндық-деректі ақпараттан әртүрлі әдіс-тәсілдер (психологизм, интермәтінділік, ассоциация, символ, метафора және т.б.) арқылы алынатын жасырын, астарлы ақпарат.

Зерттеуші ғалымдар Ж. Қадыров пен Т. Есембековтер «Көркем шығарманы талдау және талқылау жолдары» атты оқу құралында әдебиет тарихының оқырман назарын игеру мен басқару тарихынан тұратының тілге тиек етіп, XVIII ғасырдағы автор мен XX–XXI ғасырдағы автордың айырмашылығын атап көрсетеді: «XX ғасыр әдебиеті мәтінді құрастырудың басқа амалдарын қолданды. Автор мәтінде өзі әдейі қалдырған ақпараттың «ақтаңдақтары», құпия дерегі бар «қуыстары» арқылы оқырман назарын жаулап алуға ұмтылды. Енді туындыны талқылаудан гөрі теориялық мәселелермен әуестеніп кеткен сыншылдардың көмегінсіз-ақ оқырманның өзі мағыналық қуыстарды толтыруға, ақтаңдақтарды жабуға тиісті болды» (Қадыров, Есембеков, 2013, 49 б.).

Автор мен оқырманды структуралистер мен постмодернистер түрліше түсіндіреді. Структуралистер филологиялық білімі бар оқырманды талап етсе, ал постмодернистер «көркем әлемді бар ерекшелігімен қабылдай алатын уникал-оқырманды» көргісі келеді. Әдеби сезімталдығы (интуиция) бар оқырман ғана мәтіндегі астарлы ақпаратты ала алады;

– алтыншыдан, көркем мәтін автор мен оқырман арасында дәнекерлік қызмет атқарады, өз кезегінде оқырман автор интенциясын (ой ниетін) түсініп, шығармашылық белсенділік танытады. Яғни, мәтін, мәтінді жасаушы – автор, мәтінді қабылдаушы – оқырман арасында күрделі қарым-қатынас пайда болады.

Мәтіннің көлемі әртүрлі болуы мүмкін, соған байланысты әртүрлі пікірлер қалыптасқан. Дегенмен, мәтіннің мән-мағынасы тек сөздерден ғана тұрмайды, сонымен қатар, ол сыртқы факторлар – белгілі мақсатты көздейтін, бір адресатқа арналған ақпараттардан тұрады. Сол себепті де оның түсінуге лайық тілдік құрылымы, формасы болады. Мәтіндегі кез келген элемент қалай болса солай емес, белгілі бір реттілікпен байланыса орналасады, тұтастығын қамтамасыз ету мақсатында қызмет жасайды. Мәтін элементтері автордың ниетіне сәйкес таңдалады да, сол ниет бойынша мейлінше толық, дәл жететіндей түзіледі. Мәтіннің қоғам үшін атқаратын қызметі әрқилы. Оның ақпараттық, эстетикалық, коммуникативтік мүмкіндіктері адам, уақыт және кеңістікпен тығыз байланыста болады.

Көркем мәтін басқа мәтіндерге қарағанда бөлек құрылымды, ерекше пішімді, айрықша тілді болып келетін өнер туындысы. Ішкі элементтерінің бір-бірін дамыта байланысуының нәтижесінде өзгеше, жаңа мәнге ие болып, эстетикалық әсерге бөлейтін құрылым. Көркем мәтін өзінің ақпараттық, коммуникативтік, эстетикалық, кумулятивтік ерекшеліктері негізінде жаңа мән-мағына тудырып, бар білімді жандандыра, жаңғырта отырып, жаңа білім мен танымды қалыптастыратын қасиетке ие. Ғалым М.К. Ахметова «Мәтін лингвистикасы» атты еңбегінде: «Бұл жерде сыртқы форма – тікелей қабылданып ұғынылатын тілдік құралдардың жиынтығы мен автордың түпкі ойын жүзеге асыратын олардың мазмұндық жағы болса, ал ұғынылатын нәрсе оның ішкі формасын құрайды. Ішкі форма – берілген барлық құралдардың жиынтығымен тұтастай сәйкес келетін адамның ақыл ойында жүзеге асатын ойлаудың түзілісі», – деп көптеген ғалымдардың тұжырымдарын келтіріп, мәтіннің негізгі белгісіне сыртқы және ішкі формалардың бірлігін жатқызады (Ахметова, 2008, 10 б.).

Көркем мәтін автор мен оқырман арасында дәнекерлік қызмет атқарады. Яғни, мәтін, мәтінді жасаушы – автор, мәтінді қабылдаушы – оқырман арасын-

да күрделі қарым-қатынас пайда болады. Зерттеуші М.К. Ахметова осы қарым-қатынасты былайша түсіндіреді:

1. Автор қабылдаушыға бағытталған мәтінді шығарады.
2. Автор мәтінде көрініс табатын болмыстағы фактілерді, түрлі құбылыстарды, жағдайларды, түрлі көңіл-күйлерді және т.б. өзіндік «әлемдік тілдік бейнесі» арқылы саналы түрде бейнелейді,
3. Автор тілдік жүйе байлығының ішінен өзінің түпкі ойын жеткізіп, мәтін мазмұнын ашатындай тілдік амал-тәсілдерді сұрыптап алады.
4. Қабылдаушы мәтіннен нықпалды сезіне отырып, автордың шығармашылығын ойын түсінуге және соған бойлай енуге тырысады.
5. Қабылдаушы тұтастай автордың әлемдік бейнесін елестетуге талпынады.
6. Сондай-ақ оқырманның мәтінді түсіну (интерпретация) әрекеті мәтіннің тілдік қолданыстарының (лексикалық, грамматикалық, стилистикалық) мағынасын ұғынып, ұғынбаумен байланысты» (Ахметова, 2008, 15 б.).

Әдебиеттанушы ғалым М.М. Бахтин мәтінді объективті әлемнің субъективті бейнесі және кең мағынасында екі сананың қарым-қатынасқа түсуінің бір жолы деп анықтайды (Құралқанова, 2019, 6 б.). И.Р. Гальперин: «Текст – это произведение речетворческого процесса, обладающее завершенностью, объектированное в виде письменного документа, литературно обработанное в соответствии с типом этого документа, произведение, состоящее из названия (заголовка) и ряда особых единиц (сверхфазовых единств), объединенных разными типами лексической, грамматической, логической, стилистической связи, имеющие определенную целенаправленность и прагматическую установку», – деп мәтіннің ерекше бірліктерін, лексикалық, грамматикалық, логикалық және стилистикалық байланыстарын ашып көрсетеді (Гальперин, 1981, 18 б.).

Қорытынды

Қорытындылай келе, ауызша келген сөз не қағазға түскен шығарма – мәтін болып табылады. Мәтін – жүйеленген, тұтасқан, тиянақталған сөйлемдер тізбегі. Ғылыми еңбектерді зерттеп қарастыру арқылы мәтінге және ақпаратқа берілген анықтамалар талданды, мәтіннің күрделі тілдік құбылыс екені анықталды. «Ақпарат» терминінің бірнеше мағынада қолданылу ерекшелігі дәлелденді. Әр зерттеушінің өзіндік ұстанымымен қатар олардың қағидалары қарастырылды. Көркем мәтін басқа мәтіндерге қарағанда бөлек құрылымды, ерекше пішімді, айрықша тілді болып келеді. Көркем мәтін жаңа білім мен танымды қалыптастыратын қасиетке ие өнер туындысы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Ахметова М.К. Мәтін лингвистикасы: оқу-әдістемелік құрал. Орал: Ағартушы, 2008. 145 б.
- Валгина Н.С. Теория текста. Москва: Логос, 2003. 173 с
- Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. Москва: Наука, 1981. 138 с.
- Қадыров Ж.Т., Есембеков Т.О. Көркем шығарманы талдау мен талқылау жолдары: оқу-әдістемелік құралы. Алматы: CyberSmith, 2013. 136 б.
- Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. 440 б.

Құралқанова Б.Ш. Филологиялық талдау: оқу құралы Павлодар: ПМПУ, 2019. 141 б.

Николина Н.А. Филологический анализ текста: учебное пособие. Москва: Академия, 2007. 272 с.

Сулейменова Э.Д. Тіл білімі сөздігі . Алматы: Ғылым, 1998. 544 б.

Ярцева В.Н. Языкознание. Большой энциклопедический словарь 2-е изд. Москва: Большая Российская энциклопедия, 1998. 685 с.

References

Akhmetova, M.K. (2008). *Matin lingvistikasy: oku-adistemelik kural* [Text Linguistics: educational and methodical manual]. Oral: Agartyshy. (in Kaz.)

Valgina, N.S. (2003). *Teoriya teksta* [Text theory]. Moskva: Logos. (in Russ.)

Galperin, I.R. (1981). *Tekst kak obekt lingvisticheskogo issledovaniya* [Text as an object of linguistic research]. Moskva: Nauka. (in Russ.)

Kadyrov, J.T. & T.O. Esembekov (2013). *Korkem shygarmany taldau men talkylau zholdary: oku-adistemelik kuraly* [Ways to analyze and discuss a work of art: educational and methodological manual]. Almaty: CyberSmith. (in Kaz.)

Kaliev, G. (2005). *Til bilimi teriminderinin tusindirme sozdigi* [Explanatory Dictionary of linguistics terms]. Almaty: "Sozdik-Slovar". (in Kaz.)

Kuralkanova, B.Sh. (2019). *Filologiyalyk taldau: oku kuraly* [Philological analysis: a textbook]. Pavlodar: PMPU. (in Kaz.)

Nikolina, N.A. (2007). *Filologicheskiy analiz teksta: uchebnoe posobie* [Philological analysis of the text: textbook]. Moskva: Akademiya. (in Russ.)

Suleymenova, E.D. (1998). *Til bilimi sozdigi / Slovar po yazykoznaniiyu* [Dictionary of linguistics]. Almaty: Gylym. (in Kaz. and Russ.)

Yartseva, V.N. (1998). *Yazykoznanie. Bol'shoi entsiklopedicheskiy slovar` 2-e izd.* [Linguistics. The Great Encyclopedic Dictionary 2nd ed]. Moskva: Bolshaya Rossiyskaya entsiklopediya. (in Russ.)

Б.Ш. Қуралқанова

*Павлодарский педагогический университет имени Әлкея Марғұлана,
Павлодар, Республика Казахстан*

Э.Ж. Мажинова

*Павлодарский педагогический университет имени Әлкея Марғұлана,
Павлодар, Республика Казахстан*

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА

Аннотация. В статье рассматривается проблема художественного текста, излагаются теоретические точки зрения ученых на понятие «текст». Анализируются определения текста в разных источниках. Также рассматривается типология художественного текста в современной теории текста. Установлены дифференциальные характеристики текста в художественной и научной литературе. Если художественный текст основан на ассоциативно-образном мышлении, то научно-фантастический текст строится на логическом мышлении. Детально определяются понятия внешней и внутренней формы текста. Кроме этого, текст рассматривается с прагматической точки зрения, т.е. с позиции адресата-получателя. Охарактеризованы логические, стилистические и прагматические подходы к трактовке понятия «текст» известных российских ученых-литературоведов. Выделяются основные сти-

листические и функциональные черты художественного текста, предложенные ими. Понятие текста связывается с термином «информация» и ее типами.

Ключевые слова: художественный текст, культура чтения, теория текста, типология текста, информация.

B. Sh. Kuralkanova

*Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar,
The Republic of Kazakhstan*

E. Zh. Mazhinova

*Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar,
The Republic of Kazakhstan*

THEORETICAL FEATURES OF A LITERARY TEXT

Abstract. The article discusses the problem of an artistic text, sets out the theoretical points of view of scientists on the concept of “text”. Text definitions in different sources are analyzed. The typology of the artistic text in modern text theory is also considered. Differential characteristics of the text in fiction and scientific literature have been established. If a fiction text is based on associative and figurative thinking, a science fiction text is based on logical thinking. The concepts of external and internal form of the text are defined in detail. In addition, the text is considered from the pragmatic point of view, i.e. from the position of the addressee-recipient. The logical, stylistic and pragmatic approaches to the interpretation of the concept of “text” by famous Russian literary scholars are characterized. The main stylistic and functional features of the artistic text proposed by them are highlighted. The concept of text is connected with the term “information” and its types.

Keywords: artistic text, reading culture, text theory, text typology, information.

Авторлық үлестер

Құралқанова Б.Ш. – концептуалдау, формалды талдау, әдіснама, жазу – шолу және редакциялау.

Мажинова Э.Ж. – әдістеме, формалды талдау, рөлдер / жазу – бастапқы нобай, жазу.